

Әсіре еліктеу жақсылыққа апармайды

Ә.Жүнісбек, профессор

Қазіргі әліпби түзу мен еміле-ереже құрастыру барысында мамандарымыздың екі жар болып отырғанын жасыруға болмайды. Бір топ мамандар бүгінгі қолайлы сәтті пайдаланып, әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдырып, қазақ жазуының ұлттық үлгісін қалыптастырып алайық деп отыр. Ондағы мақсат – «бір дыбыс – бір таңба» ретімен төл дыбыстарымызды өз күйінде таңбалау. Соның нәтижесінде төл сөздеріміздің жазылымы (орфографиясы) мен айтылымы (орфоэпиясы) өзара үйлесе кетеді. Өйткені орфография деп жазып, орфоэпиямен түзетіп, бір жұмысты екі жұмыс етіп жүрміз. Сонда «үнеміміз» қайда қалды? Ендеше төл сөздеріміздің құрамында жазылып жүрген кірме **и, у, я, ю, ы** тәрізді тіл бұзар әріптерден құтылу керек. Сонда «ықшам» да өзі келеді, «үнем» де болады, «қағаз» да көп кетпейді. Мысалы, **мый** дейтін жуан әуезді сөзімізді **ми** деп жіңішкертіп жібермей немесе «дауыстыдан кейін дауыссыз болады, дауыссыздан кейін дауысты болады» деген сықылды бейрет ережелерден арылар едік. Бұл бір ғана мысал емес, тізе берсек жетіп жатыр: **су, бу, ту, ти, ки** т.б. бір буынды сөздер, ал екі және көп буынды сөздердің шегі жоқ: **тиын, тиін, суыр, сурет, ыық, иін, алу, келу** т.б. Енді осы сөздердің үндесім әуезі, морфем құрамы, буын жігі, тасымал реті қалай болады екен? Төрелігін оқытушы-мұғалім қауымға, оқулық авторлары мен әдіскерлерге қалдырдық.

Егер осыларды **сұу, бұу, тұу, тій, кій, тыйын, тійін, сұуыр, сұурет, ыйық, ійін, алұу, келүү** т.б. таратып жазатын болсақ, онда сөздің, ең алдымен, үндесім әуезі сақталады (тіліміз *үндесім* тіл екенін ұмытпайық), морфем құрамы бұзылмайды, буын реті сәтінемейді, тасымал оңай шешілетін болады. Ең бастысы, қазақ сөзінің табиғи айтылымын қайтарып аламыз.

Келесі топтың уәжіне келейік: егер кейбір дыбыс тіркестерін бір таңбамен белгілесек, онда жазу *ықшамдалады*, қағаз (?) *үнемделеді*, жазу *оңтайланады*, сөзді оқу *жеңілдейді* т.б. Сөздеріміз «шұбалаңқы» дейді.

Қарсы пікірімізді бірден айтайық, қазақ тілінің (сөзінің) табиғи тұрқын бұзатын *ықшамның, үнемнің, оңайдың, жеңілдің* т.б. алдамшы ұстанымдар (принциптер) кімге және неге керек?! «Шұбалаңқы» деп тілімізден жиренеміз бе? Тіліміздің әлем тілдерінің құрамындағы ерекшелігі мен құндылығы да сол көп қосымшалылығында.


Олардың тағы бір уәжі – қазіргі қоғам **су, бу** т.б. деп жазғанға көзі әбден үйренген, **сұу, бұу** т.б. деп жазғанды қабылдамайды-мыс. Расты рас деу керек, қазіргі қоғам дәл солай, оны біз білмей отырған жоқпыз. Жарты ғасыр бойы (1957 жылдан бастап) **су, бу** т.б. деп тоқпақтай берсе, сеніп қалмағанда не істейді. Сеніп қалған нәрсе бұрыс болса да дұрыс көрінетіні анық.

«Бұу» мен «сұуды», «мый» мен «қыйды» қазіргі қоғам қабылдамайды деп бас ұра беретін болсақ, жазуымызға реформа жасап несіне әуре болып жатырмыз, онда қоғамды ырза қылу үшін кирилде отыра берейік. Оу, әріптестер, біздің бүгінгі мақсатымыз - қазақ сөзінің қазақы жазылымы мен айтылымын бүгінгі қоғамға түсіндіру, қабылдату, тіптен, мойындату емес пе? Әрине, бұл іске оңай аса қоймайды, себебі реформаның оңайы болмайды.

Көзіміз үйреніп, қолымыз жаттығып, санамызға сіңіп қалған соң кірме жазуды да өгейсінбейтін болдық. Егер рухани сана жаңғыру ұлттың тілінен басталатынын ескерсек, онда алдымен төл әліпби мен емілені қалыптастырып алу керек болады. Төл әліпбиден төл сөз қалыптасады, төл сөзден ұлт тілі қалыптасады. Бұл - әлеми жазу тәжірибесі көрсетіп отырған фонетика-грамматикалық ұстаным.

Қазіргі қазақ әліпбиінің құрамындағы кірме таңбалардың дыбыс құрамы (мазмұны) академиялық еңбектер мен орфоэпиялық сөздіктерде таратылып көрсетіліп келеді. Алайда академиялық еңбектер мен орфоэпияның нәтижесіне ешкім мән бермей отыр. Орыс әліпбиімен санамыздың тұмшаланып (мәңгүрттеніп десе де болады) қалғандығынан болар, әйтеуір кірме таңбалардың тіл бұзар машақатынан арыла алмай-ақ келеміз.

Әдетте, әлеми әліпби түзу тәжірибесінде бір дыбысты бірнеше (екі-үш) таңбамен белгілеу дәстүрі жиі кездеседі. Ал әлемде жоқ әліпби үлгісі қазақ жазуында ғана бар: бір таңбамен екі-үш дыбыстың тіркесін біз ғана белгілеп келеміз. Мысалы, бір ғана **У** таңбасын (әрібін) алайық (өзге **И, Я, Ю, Щ** таңбаларының жайы да осындай), төрт түрлі орфографиялық үлгісі бар: орыс тілінің **У** дауысты дыбысын, қазақ тілінің **У** дауыссыз дыбысы мен **ҰУ** және **ҮУ** дыбыс тіркестерін бір өз-ақ белгілеп келеді (1 сурет). Белгілеп қана қоймай, арнайы еміле-ережемен бұлжымастай етіп бекітіп те қойдық. Жарты ғасыр бойы ұрпақтан-ұрпақ сол еміле-ережемен ауызданып, сол еміле-ережемен ер жетіп, сол еміле-ережемен қартайып, сол еміле-ережемен «ұзап» кетіп жатыр.



1 сурет. Орфографиялық жаңсақтықтар

Ендігі шешім не болмақ? Қазіргі естияр ұрпақты «олай емес, былай» деп сендіру қиын болып отыр. Қазақтың өзіне «қазақтың бар дыбысын бар деп, жоқ

дыбысын жоқ деп» сендіре алмайтын кезеңде тұрмыз. Біз, қазіргі ұрпақ, шамасы, сол «И-У-Я-Ю-лап» өтетін тәріздіміз.

«Әліпби жаңғыруды» мектептен, тіптен, бірінші сыныптан бастамаса болмайтын түрі бар. Сол ұрпақ өсіп жетілгенде ғана қазақ сөзінің қазақы жазылымы мен айтылымы кірме таңбалардың машақатынан тазаратын болады. Бірақ ұрпақ дайындығын бүгіннен бастау керек. Мұндай дайындық, ең алдымен, сауат ашудың бастау көзінде тұрған мұғалім-ұстаздарға керек. Көзі ашық сауатты қауымның да игеріп алғаны артық болмайды. Өйткені болашақ қабылданатын латын әліпбиінің құрамы мен еміле-ережесі бүгінгі кемшіліктерден сонда ғана арылып жаңаратын болады.

Ендеше оқулықтарымыздағы дауысты **У** деп жүргеніміз дербес-дербес екі дыбыс тіркесінің таңбасы екен, басқаша айтқанда дыбыс емес таңба (әріп) екен. Қазақ тіліндегі екі түрлі дыбыс тіркесін тағы да бір таңбамен (әріппен) белгілеп жүр екенбіз.

Қазақ тілінің сөзқұрауыш (просодикалық) заңдылығы бойынша жазу үлгісі «бір дыбыс - бір таңба» болу керек, сонда ғана мәтіннің дыбыс/әріп саны, үндесім әуезі, морфем құрамы, буын жігі, тасымал реті мен сөйлеу ырғағы үйлесімді шығады. Қазақ (жалпы түрік) тілінің өзге тілдердің жазу үлгілерінен басты ерекшелігі осы болып табылады. Тіркестің бірінші сыңары бірде дауысты **У** болса, бірде дауысты **У** болады. Тіркестің екінші сыңары дауыссыз **У[w]** дыбысы болып табылады (орыс үлгісімен дауысты **у** деп жүргеніміз дұрыс емес, қазақ тілінде дауысты **у** дыбысы жоқ).

Гәзет бетінде барлық таңбаларды талдап жату, әрине, мүмкін емес. Сондықтан бір ғана **У** таңбасының жазылым/айтылымын ұсынып отырмыз.

Сонымен «У» дыбыс па, таңба (әріп) ма?

1957 жылы «Қызыл саясат» қазақ әліпбиі мен оның еміле-ережесіне де жетті. Сөйтіп «орыс тілінің игі әсері» деген саясатпен қазақтың төл сөздерінің жазылымына орыс тілінің **У** дыбыс/таңбасы ендірілді. Сонымен кірме **У** таңбасы қазақтың төл дауысты дыбыстарының құрамына «дауысты» болып қосыла кетті. Осы саяси әліпби реформасының жемісін енді «теріп-жеп» отырмыз. Қазіргі ұрпақты қазақ тілінде дауысты **У** дыбысы жоқ деп сендіре алмай отырғанымыз сондықтан.

Осы дауыссыздың жасалым белгілері: *ерін-еріндік, жуысыңқы, үнді* дауыссыз дыбыс. Дауыссыздың ақиқат анықтамасы осы болып табылады. Оның қазақ тілі дауыссыздарының жіктелім кестесі мен пішіндемесінде (моделінде) өзінің орны бар. Соған қарамай, көпшілікті шатастырмас үшін **У** таңбасының іргесіне **w** таңбасын қосақтап **У(w)** деп көрсетіп отыруға мәжбүрміз.

Тағы да ғылыми негізге жүгінетін болсақ, халықаралық фонетикалық әліпби (ХФӘ немесе МФА – международный фонетический алфавит) үлгісі бойынша таңбасы **Ww** болуға тиіс. Бұдан әрі қарай осы таңбаны тұрақты пайдаланатын боламыз. Мысалы, тау[taw], ауа[awa], ту[tuw], туыс[tuwus] т.б.

Сонымен бұл өзі неғылған дыбыс болып шықты? Оның академиялық мазмұны:

Анықтамасы: ерін-еріндік жуысыңқы үнді

Мәртебесі: жүйекұрауыш

Қызметі: тұйық рай көрсеткіші


Тіркесімі: тек дауыстыдан кейін тұрады

Шеп орналасымы: сөз басында кездеспейді

Жиілігі: жиі кездеседі

Ұқсастығы: орыс, араб тілдерінде жоқ, ағылшын тілінде бар.

ЖАСАЛУ ТӘСІЛІ		ДАУЫС ҚАТЫСЫ	ЖАСАЛУ ОРНЫ			
			ерін-ерін	тіл ұшы	тіл ортасы	тіл-шік
ТОҒЫСЫҢҚЫ		қатаң	p	t	k	q
		ұяң	b	d	g	gʲ
		үнді	m	n	(ŋ)	ŋ
ЖУЫСЫҢҚЫ	жайылыңқы	қатаң		ʃ		
		ұяң				
		үнді			(y)	y
	жинақы	қатаң		s		
		ұяң		z		
		үнді	w			
	діріл	үнді		r		
	жанама			l		
жабысыңқы	ұяң		j			



2 сурет. Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстарының жіктелім кестесі мен пішіндемесі (моделі)

Дауыссыз **У(w)** дыбысын жоғалтып жүргеніміздің тағы бір себебі «жалған естілім» (слуховой немсе перцептивный обман) болып табылады. Қазақ тілінде сөз басында кездеспейтін бес дауыссыз дыбыстың бірі - осы **У(w)**. Ендеше дыбыс атауына, өзге дыбыстардай **бы, ды** болып дауысты соңынан қосылмай, дауысты алдынан қосылып, **ұу (уұ емес)** түрінде айтылады. Сондықтан **ұу** тіркесінің айтылымы орыс тілінің **у** дауысты дыбысының естіліміне ұқсап кетеді. Қазақ тілі мамандарын да, өзге зерттеушілерді де шатастырып жүрген осы жайт.

Жүрген жеріміздің бәрінде «әліпби сауатымызды ашып алудан бастайық» дегенді босқа айтып жүрген жоқпыз. Және «әліпби сауатты» алдымен оқулық авторлары мен әдістеме иелері бастау керек. Ал бастауыш сыныптан бастау алса, жас ұрпақ өсе келе, ересектердің бүгінгідей «олай емес, бұлай емес» деп арпалысқан «әліпби» дертіне ұшырамайтын болады.

Тіліміздегі **У(w)** дауыссызының ақиқатына көз жеткізу үшін бір-біріне орайлас тіркестерді пайдалануға болады. Мысалы, **ау** тіркесінің (сөзінің) екі дыбыстан құралатынына ешкімнің шүбәсі жоқ, ал дәл сол үлгідегі **ұу** тіркесінің (сөзінің) дыбыс құрамының **ау**-мен бірдей екеніне сенбейміз. Тіптен **Тай**-ды **Тай** деп үш әріппен жазғанда үнем қумаймыз, ал морфологиялық тұрқы тап сондай **Тұу**-ды үш әріппен жазуға ерінеміз. Осының себебін әркім өзі тапсын... Мүмкін бәріміз бірге көз жеткізіп көрерміз, келіңіздер.

Жуан әуезді сөздер құрамында:

-жуан әуезді қысаң **Ұ[u]** мен үнді жуысыңқы **У[w]** дауыссызының тіркесі **ҰУ[uw]** болып жазылады;

-сөз басында **[w]** кездеспейді, сондықтан сөз **ұ[u]** дауыстысынан басталады: у (ұу) **[uw]**, уық (ұ-уық) **[u-wuq]**, уыс (ұ-уыс) **[u-wus]**, уақыт (ұ-уа-қыт) **[u-wa-qt]**;

-сөз ортасында: туыс (тұ-уыс) **[tu-wus]**, суық (сұ-уық) **[su-wuq]**, жуан (жұ-уан) **[ju-wan]**, шаруа (ша-рұ-уа) **[ʃa-ru-wa]**, оқушы (о-құу-шы) **[o-quw-ʃi]**;

-сөз соңында: ту (тұу) **[tuw]**, су (сұу) **[suw]**, бу (бұу) **[buw]**, алу (а-лұу) **[a-luw]**, толу (то-лұу) **[to-luw]**, оқу (о-құу) **[o-quw]**, қару (қа-рұу) **[qa-ruw]**;

Жіңішке әуезді сөздер құрамында:

-жіңішке әуезді қысаң **Ү[ü]** мен үнді (жуысыңқы) **У[w]** дауыссызының тіркесі **ҮУ[üw]** болып жазылады::

-сөз басында **[w]** кездеспейді, сондықтан сөз **ү[ü]** дауыстысынан басталады: үіл (ү-үіл) **[ü-wül]**, уәде (ү-уә-де) **[ü-wə-de]**, ү-уәж (ү-уәж) **[ü-wəj]**, уәли (ү-уә-лій) **[ü-wə-liy]**, уәзір (ү-уә-зір) **[ü-wə-zir]**;

-сөз ортасында: сурет (сүү-рет) **[süw-ret]**, келуші (ке-ліу-ші) **[ke-lüw-ʃi]**, сенумен (се-нүү-мен) **[se-nüw-men]**, секіруге (се-кі-рүү-ге) **[se-ki-rüw-ge]**, келуі (ке-лү-уі) **[ke-lü-wi]**;

-сөз соңында: күлу (кү-лүү) **[kü-lüw]**, тілу (ті-лүү) **[ti-lüw]**, күту (кү-түү) **[kü-tüw]**.

Акут әліпбиіміз үшін де осы еміле-ереженің ұсынылғаны жөн болар еді.

Ендеше латын әліпбиіне қазіргі кирилл орфографиямыздың үлгісімен өтуге болмайды. Онда кирилдегі тілбұзар ережелерімізді сол күйінде қайталаған болып шығамыз, қайталайтын түріміз де бар.

Өкінішке орай, бұл дыбыстың ақиқат **W** таңбасына латын негізіндегі жаңа АКУТ ӘЛІПБИІМІЗДЕН де орын табылмады, қайтадан сол орыс тілінің созылықы **y[u:]** дауысты дыбысының **Уу** деген таңбасының кебін киіп, бірде *дауысты*, бірде *дауыссыз* болып қалып отыр. Енді қашан және қай ұрпақ оны осы бір шала жансар әліпбиі тамұғынан аршып ала алар екен, әлде біздің көз алдымызда бір төл дыбысымыз өшіп, құрдымға кете береді ме? Келер ұрпаққа аманат етіп қалдыруға да дәрменіміздің жетпегені ғой.

Қазіргі әліпбиі мен еміле санамыздағы «жалған естілімнің» нәтижесі болып отыр. Амал жоқ, күйнесің-күйесің, кімнен демеу күтесің...

Босқа күйіп-пісіп жатқан жоқпыз, көптеген оқулық пен оқу-құралдарының кез-келген біреуінің бетін ашайық. Бастауыш мектептің оқулығын, оқулық болғанда 2-сыныптың оқулығын әдейі алдық. ***Оқулық авторларынан арнайы кешірім сұраймыз, олар мемлекеттік бағдарлама бойынша дайындап отыр, басқа амалы жоқ, ендеше кеткен жаңсақтықтар автор-әріптестеріміздің кінәсі емес. Анығын айтсақ, бәріміздің ортақ кінәміз, мүмкін күнәміз де шығар...***

Сонымен: Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: Атамұра, -2017. 127 б. 11-39 беттер.

Мынау сабақтың тақырыбы: «У дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуы». Көріп отырғанымыздай, У әрібінің дауысты дыбыс екеніне еш күмәніміз жоқ. Баланың санасына жалған білімді құю, міне, қай жерден басталады. Одан әрі оның еміле-ережесіне тоқталайық: «Дауыстыдан соң және сөз басында дауыстыдан бұрын келген у дыбысы дауыссыз болады: әуежай, уақыт, Сәуле. Дауыссыздан соң және сөз басында дауыссыздан бұрын келген у дыбысы дауысты болады: сусын, елу, улап-шулап». Осы бір жаңылтпаш сықылды еміле-ережеден құтылатын түріміз жоқ. Бала түгілі ересекті жаңылдыратын, жаттауға да көнбейтін амалсыз табылған әрекет. «Дауыссыздан кейін.., дауыстыдан кейін...», жарайды ұқтық дейік, ал «сөз басында...» дегенге жол болсын: уақыт [uwaqıt] пен улап [uwlap] дегендегі У[uw]-дың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?!

Қорыта келіп, дауысты У дыбысынан айрыла алмай, «Мәтінді көшір, дауысты У дыбысының астын бір сыз, дауыссыз У дыбысының астын екі сыз» деген үй тапсырмасымен бір-ақ тыныстадық.

Еміле-ереже «сауат ашуды күрделендірмеу керек» деген уәждің жөні жоқ, еміле-ереженің басты мақсаты тілдің табиғи құрылымын сақтау, ол – қазақ тілі үшін «бір дыбыс – бір таңба». Жалпы, еміле-ереженің оңайы болмайды, оңай еміле-ережені қай тілден көрдік? Қазақ тілі де соның бірі.

Тағы бір ережеге жол-жөнекей тоқтала кетейік: «Ы, І дыбыстарына аяқталған сөздерге У дыбысы қосылса, Ы, І дыбыстары түсіп қалады: тасы –

тасу, оқы – оқу, торы – тору». Жоқ, дауысты Ы, І дыбыстарымен дауыссыз У дыбысы өзара ымырасыз дыбыстар болып табылады, олар өзара ешуақытта қатар тұрмайды, тіркеспейді. Сондықтан *тасы* езулік әуезді сөзі *тасу* болған кезде Ы дауысты дыбысы түсіп қалмайды, Ұ дауысты дыбысымен алмасады: *тасы* [tasi] – *тасу* [tasuw]. Сөйтіп буынның дауысты құрамды бөлігі жоғалып кетпейді, сақталады. Ал *оқы, торы* сөздерінің құрамындағы Ы әрібі орфографиялық елес. Еріндік әуезді сөздің соңғы дауыстысы Ы емес, о бастан Ұ болып табылады. Ендеше еріндік У дауыссызы еріндік дауысты Ұ-ға келіп тіркесіп тұр: *оқу* [oqu] – *оқу* [oquw], *тору* [toru] – *тору* [toruw].

Келесі тақырып: «И, й әріптерінің жазылуы». Орфографиялық үлгісі У әрібіне ұқсас болғандықтан, арнайы таратып талдап жатпаймыз. Тек еміле-ережесін келтіре отырып, «И – дауысты, й – дауыссыз. И әрпі сөз басында және дауыссыздан соң жазылады: *жиiek, би, ит, Иса*; ал й әрпі дауыстыдан кейін жазылады: *мойын, мейіз, ай, қайыс*», қазақ тілінің төл дыбыс құрамында И дауысты дыбысы жоқ екенін ескертеміз. Сонда *жиiek* [jiyek], *би* [biy], *ит* [iyt], *Иса* [yusa] болып шығады. Мұны да көңілге қонымсыз емле-ережемен аяқтайық: «И дыбысының алдында **ы, і** естілгенімен, олар жазылмайды: *киім, қиын, жиын*», естіп тұрып, неге жазбаймыз?!

Сонымен кірме таңбалар орфографиямыздың оңы мен солын, көлденеңі мен тігін, жоғарысы мен төменін қым-қуыт сапырыстырып жіберіп отыр. Әзірге жөндеп алуға, жөнге салып алуға дәрменсіз болып отырмыз. Үстем (тоталитарлық) шешім барлық уақытта үстемдігін көрсетеді.

Жарайды, практикалық талданым осыны көрсетті, ал теория не дейді екен. Теория қысқа қайырады. Қазақ фонетикасының «айырым белгілер» теориясына

қазақ	қазақ тілінің дауысты дыбыстары		жасалу орны			
	құрамы	жа-лаң	тіл ортасы		тіл арты	
			езулік	еріндік	езулік	еріндік
		ашық	ä		а	
		қысаң	і	ü	ı	u
	құранды		е	ö		о

сүйеніп жасалған тілі дауыстыларының жіктелім кестесі мен пішіндемесіне (моделіне) жүгінейік (3 сурет).

3 сурет. Қазақ тілі дауыстыларының жіктелім кестесі мен пішіндемесі (моделі)

Қазақ тілі дауысты дыбыстарының жіктелім кестесінде де, оның көрнекі пішіндемесінде де дауысты мәртебесіндегі **И, У** дыбыстарына орын жоқ, ендеше олар төл дыбыстар құрамына ене алмайды. Қазақ (жалпы түрік) тілінің фонетикалық тұрқы тұтасқан үндесім бірлік болып табылады. Сондықтан үндесім тұтастық сырттан дыбыс қабылдатпайды, «шапқыншы» дыбыстар үндесім тұтастықты бұза алмайды.

Осыған орай тағы бір теориялық батыл ұсыныс-ұстаным жасамақпыз. Үндіевропа тілдері «орфографиялық» тілдерге жатады, қазақ (жылпы түрік) тілі «орфоэпиялық» тілге жатады. «Бір дыбыс – бір таңба» болып, сөз құрамындағы ақиқат дыбыстардың бәрі өз шебінде өз таңбасымен тұру керек. Басқаша айтқанда, қалай айтылса, солай жазу керек. «Орфография» деп бұзып, «орфоэпия» деп түзетіп жатудың басы артық. Әрине «орфография» мен «орфоэпияның» керек жері – тек қана біріккен/кіріккен сөздердің, түбір мен қосымшаның шегара шебіндегі үйлесім түрленімі мен ерін әуезді үндесімді белгілеу ғана қалады. Мұның өзі де шартты.

Егер кірме таңбалардың «орфографиясынан» арылатын болсақ, онда «орфоэпиялық» сөздігіміз көп ықшамдалып қалатын түрі бар.